



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қаңтар айында 1700-ден астам алтын құйма сатылды

2022 жыл, 17 ақпан

2021 жылдың қаңтар айында екінші деңгейлі банктер мен жекелеген банктік емес айырбастау пункттері жалпы салмағы 68,6 келі 1 771 алтын құйма сатты.

Халықта тазартылған алтын құймаларды сату және сатып алу бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) Ұлттық Банк 2017 жылы іске қосқан болатын. Бағдарлама қолға алынғалы жалпы салмағы 2,8 тоннаға жуық 76 676 құйма сатылған.

Алтын құймалар бес түрлі салмақта ұсынылады: 5, 10, 20, 50 және 100 г. Сатып алушылар арасында өте жоғары сұранысқа ие түрі – 10 грамдық құйма. Жалпы сатылған құймалар арасында оның үлесі – 27%, яғни, 20 898 дана. Одан кейін 100 грамдық құйма сұранысқа ие, 16 930 дана (22%) сатылған, 20 грамдық құймадан 14 779 дана (19%), 5 грамдық құймадан 13 566 дана (18%), 50 грамдық құймадан 10 503 дана (14%) сатылды. Алтын құймалар Алматы, Нұр-Сұлтан және Атырау қалаларында көп сатылады.

Алтын құймалар сенімді инвестиция құралы бола алады. Алтын құймалар нарығындағы өтімділіктің басты кепілі – банк пен банктік емес айырбастау пункттері клиентке ақшаны сол күні төлей отырып, алтын құймаларды көрі сатып ала алады.

Бағдарлама басталғаннан бері екінші деңгейлі банктер мен жекелеген банктік емес пункттер жалпы салмағы 275 келі 11 292 алтын құйманы көрі сатып алған, бұл – жалпы сатылған алтын құймалардың 15%-ы. Олар көрі сатып алған алтын құймалардың барлығы дерлік Ұлттық Банктің филиалдары арқылы халықта сатылады.

Әрбір құйма қорғау элементтерімен қапталған (құйманың айна беті, микротекст және жиегі бар) және арнайы қорапқа салынып шығады, сол арқылы құйманың ашылған ашылмағаның онай тексеруге болады. Қорғап тұратын қорап, сондай-ақ сапа сертификаты болып саналады. Сондықтан, алтын құйманы ұқыпты сақтап, қорабын бұлдірмеуге кеңес береміз.

Қазір алтын құймаларды Halyk Bank, Еуразиялық Банк, Jusan Bank, ЦентрКредит Банкі, сондай-ақ жекелеген банктік емес пункттерден сатып алып, көрі сатуға болады.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты келесі телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz